

...Науқасты жазатын айрықша қасиет дарыған Сайлаухан алдына келген адамға диагноз қойып, тылсым қасиетімен емдеп, оған жүрегінің жылуын береді. Бұл қарекетінің тәрбиелік мәнімен қатар, қайырымдылығы да басым. Науқастарға шырылдап жаны ашып, қамқор болған Сайлауханның кітаптары туралы...

1987 жылы Алматыдағы Фрунзе ауданында (қазіргі Медеу ауданы) балабақша тәрбиешісі Сайлауханды қазақ тілі мәселесінің шешімін таппауы қатты алаңдатты. Отызында орда бұзған тәлімді тәрбиешіні топтағы қазақ балаларының ана тілінен мақұрым болуы айрықша қынжылтты. Ұлтаралық қатынас сыздауықтай жарылғалы тұрған сол бір аумалы-төкпелі кезеңде басшылықтың қарсылығына қарамастан, Сайлаухан балабақшада қазақ тобын ашқызды. Бұл – оның қазақ ұлты үшін жасаған сүбелі ісі еді. Сайлауханның қайтпас мінезі мен толғаулы тағдыры туралы көрнекті ақын Қадыр МЫРЗА ӘЛИ өлең арнап, жазушы Зейнолла БЕЙСЕМБЕВ «Қыз тағдыр» атты повесть жазды.

Сөйтіп, атақты қазақ зиялылары Сайлаухан жайлы пікір білдірумен қоймай, емшінің өзі де қолына қалам алып, өмірдегі көрген-білгені мен ойлап-түйгенін ақ қағаз бетіне түсірді. Халықаралық дәрежедегі емші, қасиет иесі Сайлаухан Әуелбаеваның «РИЗАМЫН ӨМІРІМНІҢ ӨРНЕГІНЕ...», «НА СТРАЖЕ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА», «ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СЫРТТАЙ ЕМ», «С ЛЮБОВЬЮ И ВЕРОЙ», «СУДЫҢ ҰЛЫ ҚҰПИЯСЫ», «КНИГА О ЛЕЧЕБНЫХ ВЕЩАХ» атты кітаптары қалың оқырманының қолына тиіді. Кітаптардың сыртқы мұқабасындағы емшінің суретіне қарағанда-ақ, бойыңа тылсым бір күш пайда болғандай сезінесің. Кітаптарын оқығанда жаның жай тауып, көңілің сергек тартып, рахаттанып қалатының бар. Мән-мағыналы сөздер, кітап ішіндегі оқиғалар өміріңе сабақ болып, тәлім-тәрбие беріп, бойыңа ерекше рухани күш дарытады. Бұл кітаптарды оқыған үстіне, оқығың келеді. Кітаптардың емдік қасиеті басым, оқыған сайын өзінің тылсымына тарта түседі...

Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВА - жазған кітаптары емдік құралға айналған жазушы-шипагер




Кітаптарда Сайлауханның өмір жолы мен қиындықты жеңе білген қайсар қыздың қасиеті, жеткен жетістіктері кеңінен сөз болады. Сондай-ақ, емшінің шарапаты тиген, ауруынан айыққандардың баспасөз беттерінде жарияланған алғыс мақалаларымен қатар, қасиет иесінің емдеу әдістері де қысқаша баяндалған. Сөйтіп, кітаптар да емдеу құралына айналды...

Бұл туралы кітаптарды емдік құрал ретінде пайдаланудың ережесі де бекітілген. Ережеде көрсетілгендей, кітаптардың мұқабасына көзің түскенде-ақ, емшімен ментальдық деңгейде байланыс орнап, тұла бойдағы ауыратын органдарың анықталып, диагностика жүре бастайды екен. Ал, кітаптарды емдік құрал ретінде пайдалану үшін, мұқабасын целлофанмен қаптап, ауырған жеріңізге басып жатсаңыз да жетіп жатыр.

Қысқаша айтқанда, кітаптарды оқыған адам емделумен қатар, рухани тәрбие алып, Сайлаухан шипагерді терең тани түседі. Оның отбасында абзал ана, адал жар болғаны туралы оқиғалар оқырманның көзіне жас үйіріп, жүрегіңді тебіренетеді. Барлық қиындықтарды адал еңбек, маңдай терімен жеңген қаһарман қыздың ерлікке пара-пар ісіне сүйсінесің.

Қасиет иесінің бұдан басқа да педагогикалық, психологиялық тұрғыда жазылған еңбектері білім ошақтарының басты құралдарына айналған. Ал, емшінің «Ризамын өмірімнің өрнегіне...» атты еңбегі халық сұранысымен 1-ші басылымы (жасыл түсті) 2011 жылы 3000 данамен, 2-ші басылымы (көк түсті) 2013 жылы 3000 данамен және толықтырылған 3-ші басылымы (сары, қызыл түсті) 2014 жылы 7000 данамен басылып шықты.

Енді жаңа кітабы 12 мың данамен жақын болашақта шықпақшы.



Қазіргі таңда Сайлаухан Әуелбаеваның Алматы қаласында емдеу орталығы бар. Ол орталыққа алыс-жақын шетелдерден, еліміздің әр аймағынан келіп емделушілердің қарасы еш үзілген емес. Сондай-ақ, қара суға, киім-кешекке қасиет дарыту арқылы емдейтін емшінің емдік құралдарын сататын дәріханалар әр қалаларда ашылуда.

...Сайлаухан Әуелбаеваның «РИЗАМЫН ӨМІРІМНІҢ ӨРНЕГІНЕ...», «НА СТРАЖЕ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА», «ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СЫРТТАЙ ЕМ», «С ЛЮБОВЬЮ И ВЕРОЙ», «СУДЫҢ ҰЛЫ ҚҰПИЯСЫ», «КНИГА О ЛЕЧЕБНЫХ ВЕЩАХ» атты кітаптары Еуропа елдерінің кітап сөрелерінде тұр. Шетелде қазақ студенті бір кітапты көріп, таң-тамаша қалыпты. Сонда бір ағылшын: «Сіздер Сайлаухан Әуелбаеваны неге танымайсыздар? Сайлаухан – космоэнергет тұлға ғой» – дегенде, қазақ студентінің өз қазағымен мақтанып, төбесі көкке бір елі жетпей қалған көрінеді...

...Иә, біздің барымызды бағалауда әлі де үйренеріміз көп...

Балқадидша ДҮЙСЕБАЕВА



МЕКЕН-ЖАЙЫ:
Алматы қаласы,
«Айнабұлақ-2» ықшам ауданы, СК «Сұлтан» ғимаратының 3-қабаты.
Байланыс телефондары:
8-707-203-60-35,
8-701-179-06-06.

Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВА

Болашаққа баспалдақ – қазақтың амандығы һәм елдің бірлігі

Қазақ елінің еңселі жұрты елінің ертеңіне кәміл сеніммен қарайды. Қазіргі ғылым мен технология ұшқан құстай дамыған жаңа заманда өз ісін меңгерген дарынды ұрпақтар адами құндылықтарды құнттап, ұлтына, еліне, жеріне адал қызмет атқарса – қазақтың алмас қамалы қалмайды.

Туған Отанның жетістігі – әрбір азаматтың мақтанышы. Барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолын таңдаған өркениетті қазақ елінің жастары алдыңғы көш, жайсаң жеңістерден көрінуге тиіс.

Әлемдегі алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарынан лайықты орын алуға ұмтылған қазақ жұрты өзінің ұлттық бәсекелестік қабілетін бірінші кезекте білімділік деңгейімен өлшеуге тиіс. Мәңгілік Ел идеясымен қаруланған жастар бақытты болашаққа қадам баса отырып, бүгінгі әлемнің жалпы саулетінің өзгеріске ұшырай бастағанын түсінеді. Осыдан бірнеше жылдар бұрын басталған дүниежүзілік қаржылық дағдарыстың емі табылмай, созылып кетті. Сондықтан, қазіргі қазақ билігі Жаңа экономикалық саясат ұсынып, оның басты тамыры инфрақұрылымдық дамуда жатқандығын мәлімдеді. Елбасымыз **Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ**: «Көне замандарда ірі қалаларымыздың көбі Ұлы Жібек Жолын жағалай қоныс тепкен. Қазір де қайнаған тіршілік күре жолдардың бойында. Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақтар темір жолмен, тас жолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек. Астанада тоғыздық жолдың торабы елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамырға айналуы тиіс. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен экономикалық байланыстарын нығайтады. Ел ішінен тың нарықтар ашады» – деді.

Үкімет шағын және орта кәсіпкерлікті қолдап, адамдардың кәсіби қабілетінің дамуына көңіл бөлуде. Сонымен қатар, еліміздегі әлеуметтік инфрақұрылымдарды жақсарту керек. Бабалардан мирас қалған мұраны қадірлеп, туған отанды сүю – отбасынан бастау алады.

«Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Ол ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры!» – деп атап өтті елбасымыз Н.Назарбаев.

Ұлтымыздың ұстазы, ойшыл-ғұлама Ахмет Байтұрсынұлы: «Біз – бай, білімді һәм күшті болуымыз керек. Бай болу үшін – кәсіп керек, білімді болу үшін – оқу керек, күшті болу үшін – бірлік керек» дейді. Расында, елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын әрі шындалатын мықты мақсат, маңызды мүдде – күшті де қуатты мемлекет құру.

Аталарымыздың асыл аманатын – қазақтың жайсаң жері мен еңселі елін – көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа табыстау – әрбіріміздің ардақты парызы, абыройлы міндетіміз. Ендеше, болашаққа бастайтын баспалдақ – жазығы мол шамшырақ – қазақтың амандығы һәм елдің бірлігі.

Сайлаухан ӘУЕЛБАЕВА,
емші-космоэнергет

